

Баймұратова Э.С.,
Артықова Е.О.

**Заманауи әдістемелік
технологияны қолдана отырып
шет тілін оқытудың
маңыздылығы**

Шет тілін оқытуда инновациялық технология өте маңызды роль атқарады, әсіресе Интернет арқылы компьютерлік программаларды, онлайн режимінде сөздік пен аударма программаларын жылдамдату үшін қолданылады. Ағылшын тілін үйренудегі жетістік бұл ағылшын тілі оқытушысының әдіс-тәсіліне, оның түрлі заманауи әдіс-тәсілдерді білім беру жолында шебер қолдана білуіне байланысты. Қандай білімді, білікті маман болса да сабақ беру барсында білім берудің тиімді әдістерін меңгермесе студенттердің қызығушылығын жоғалтып алары сөзсіз. Бұл мақала шетел тілінің оқытушылары мен болашақ оқытушыларына шетел тілін оқыту әдістерінің түрлерімен таныстырады және заманауи әдістемелік технологияның жан-жақтылығынан бағдар алуға, тіл үйренушінің деңгейін, оқыту кезеңін, тіл үйренушінің жеке ерекшелігін ескере отырып оңтайлы нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мақалада ағылшын тілін оқыту әдістемелерінің өзекті мәселелері қаралады. Үздік нәтиже шығару жолында әдістерді біріктіру, жинақтау мен тиімді тәсілдерді қолдану туралы баяндалады.

Түйін сөздер: заманауи технология, компьютерлік программа, тіл үйренушінің жеке ерекшелігі, тіл оқыту әдістемелері.

Baimuratova E.S.,
Artykova E.U.

**Using of innovate technologies in
learning foreign languages**

Computer programs and Internet are playing an important role in the process of educating a foreign language innovative technologies, allowing to intensify the process of translation with the use of dictionaries and translating programs, including online. On these way students not only get acquainted with the computer programs, but also will get used to correct registration of translations with the use of computer. Teachers also conduct correspondence with the students by e-mail, simplifying the process of implementation and control of independent work. As final work students prepare presentations in foreign language with the use of computer technologies. Efficiency of these technologies can be, if an educational process is organized taking into account the individual features of students, their propensities to the object. The example of such effective pedagogical technologies is the use of the interactive educating and computer technologies. At interactive technology (from eng. interaction- cooperation), educating is built on co-operating of studying with educational surroundings, educational environment that serves by the area of the mastered experience.

Key words: innovative technology, the computer program, the individual features of students.

Баймұратова Э.С.,
Артықова Е.О.

**Использование инновационных
технологии в обучении иностранному языку**

В процессе обучения иностранному языку важную роль начинают играть инновационные технологии, а именно компьютерные программы и Интернет, позволяющие интенсифицировать процесс перевода с использованием словарей и программ-переводчиков, в том числе и в режиме онлайн. На этих занятиях студенты не только знакомятся с компьютерными программами, но также и приучатся к правильному оформлению переводов с использованием компьютера. Преподаватели также ведут переписку со своими студентами по электронной почте, упрощая тем самым процесс выполнения и контроля самостоятельной работы. В качестве итоговой работы студенты готовят презентации на иностранном языке с использованием компьютерных технологий. Эффективность этих технологий может быть достигнута, если учебный процесс организован с учетом индивидуальных особенностей учащихся, студентов, их склонностей к предмету. Примером таких эффективных педагогических технологий является использование интерактивного обучения и компьютерных технологий. При интерактивной технологии (от англ. interaction- взаимодействие) обучение построено на взаимодействии студентов с учебным окружением, учебной средой, которая служит областью осваиваемого опыта.

Ключевые слова: инновационная технология, компьютерная программа, индивидуальная особенность студента.

**ЗАМАНАУИ
ӘДІСТЕМЕЛІК
ТЕХНОЛОГИЯНЫ
ҚОЛДАНА ОТЫРЫП
ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту әдістерінің түрлері аз емес. Әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктері бар, кейбір әдістер кеңінен тараса, ал кейбірі сирек қолданылады.

Бүгінде әлемде ағылшын тілін білу үлкен сұранысқа ие. Бұл тіл халықаралық қарым-қатынас тілі болғандықтан, бүкіл әлем халықтары ағылшын тілін біледі.

Ағылшын тілін оқытудың әдістері көп және жаңа әдістер шығуда, әр оқытушының өзіне оңтайлы жұмыс әдісін таңдауына мүмкіндігі бар. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту үшін бәрінен бұрын классикалық әдістер жиі қолданылады.

Бұл мақалада ағылшын тілін оқытуда тиімді деп табылған әдістеріне тоқталамыз.

Көп қолданылатын әдістердің бірі – жобалау әдісі. Бұл әдістің мәні сіз үйренген материалдарыңызды іс-тәжірибеде қолданасыз. Мысалы, сіздің сабағыңыздың тақырыбы «Тапсырыс жеткізушімен e-mail арқылы байланысу». Мұны қалай үйренуге болады? Бұл үшін әрбір студент немесе студенттер тобы фирмаға хат жазу шаблонын үйрену тапсырмасын алады. Дұрыс хат жазу үшін қажетті жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі, содан кейін фирмаға хат жазылады (фирма туралы егжей-тегжейлі оқытушы ақпарат береді). Осылайша, сіз ағылшын тілінде іскери хаттың дайын жобасын жасайсыз. Бұл әдістің тиімділігі сіз өмірде кезігетін тапсырмамен жұмыс жасайсыз. Сонымен қатар, тілді тез үйрену сапасы басқа тәсілдерге қарағанда жоғары.

Жобалауды меңгерген оқушы, меңгерген жұмыс құралдары мен тәсілдерін жүзеге асыра отырып, шығармашылық ойлауды үйренеді, өз іс-қимылдарын өздігінен жоспарлайды, болуы мүмкін нұсқаларды болжайды, алдында тұрған міндеттерді шешеді. Жобалау мәдениеті көптеген білім беру тәжірибелері саласында жобалау әдістері және оқытудың жобалау әдісі түрінде енгізілген.

Шетел тілін үйретудің әдіскерлер қолданып жүрген тағы бір тәсілі – жаттықтыру (тренинг) тәсілі.

Егер сіз бұрын тренингтерге қатысып жүрген болсаңыз, бұл тәсілді жақсы білесіз. Сабақта сіз аздап теория үйренесіз, артынша соны тәжірибеден өткізесіз. Кейін тағы жаңа

ақпаратты меңгеріп, тағы үйренгеніңізді қолданасыз. Тренингтің кілті – дайын ақпарат берілмейді, оның мәнін өзіңіз ізденіп табасыз. Яғни, сіз өзіңіз өзіңіздің тілді үйренуіңізге белсенділік танытасыз. Белсенділік таныту жоғары деңгейде жаңа материалды меңгеруді және оны тәжірибе барысында бекітуді қамтамасыз етеді. Сондықтан мен осы тәсілді ағылшын тілін оқытуда қолданамын.

Студенттердің сабаққа белсенді қатысуы және ағылшын тілінде үйде белсенді жұмыс жасауына үлкен мән берілуі керек. Оқытушының негізгі міндеті студенттің әлсіз және мықты жақтарын білу. Оны студенттің өзіне білгізу. Мысалы, студент аудио материалдарды тыңдау барысында бір минуттан кейін немесе одан бұрын түсініп-қабылдауы тоқтаса, бұл оның әлсіз тұсы. Бұл әлсіздігін жою үшін ағылшын тіліндегі әуендерді, аудио лекцияларды күн сайын бес минуттан бір сағатқа дейін көбейтіп тыңдауға кеңес беру керек.

Үй тапсырмалары, сабақта өткен материалдарды бекітуге немесе келесі сабаққа жәй дайындалуға мүмкіндік береді. Тапсырма өткен тақырыпты бекітуге арналған болуы міндетті. Ережеге сай үй тапсырмалары сабақтағы тапсырмаларға ұқсас болады, сондықтан оны орындауға отыз минуттан артық кетпейді. Егер студент үй тапсырмасы бойынша түсінбеген тұстары болса, кітаптан жауабы табылмаса, оны келесі сабақта сұрау үшін белгілеп қоюды міндеттеу керек.

Жаңа сөздерді меңгерту. Мысалы, сабақта немесе сабақтан тыс уақытта студенттің бір кісімен әңгімелескісі келді, ал оның сөздік қоры жетпейді. Өкінішке орай, мұндай жағдай ағылшын тілінде жиі кездеседі. Оған көмектесу үшін белгілі тақырыптарда қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздер тізбесі жасалуы тиіс. Жаңа сөздердің тізімін жаңа тақырыпты өткенге дейін студентке беру керек. Сабаққа дейін сөздер мен айтылымдардың біршамасын студент жаттап алса, сабақ барысын жылдамдататыны белгілі. Сабақта осы жаңа сөздерді тәжірибеде пайдалану бойынша ойындар ұйымдастырылуы керек (сөзді есте сақтау сапасын арттыру үшін).

Тілді үйренудің әдетте төрт дағдысы бар. Олар: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдылары. Олар студенттің тіл үйренуі үшін маңызы.

Ағылшын тілін тыңдау арқылы түсініп-қабылдау ең қажетті дағды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас екі жақты болатындықтан әңгімелесуші адамның сөзін түсінуіңіз керек емес

пе? Сұхбаттар мен мәтіндер, радио бағдарламалар мен фильмдердің, сериалдардың үзінділері тыңдау, көру және т.б. Әрбір сабақта және үй тапсырмасында қаралуы қажет.

Оқылым. Студенттердің ағылшын тілі сабағында дауыстап оқуы өте пайдалы. Мақсаты біреу – айтылуы мен интонациясын түзету. Ағылшын тілінде сөздердің айтылуы мен жазылуы екі түрлі болғандықтан көру және есту жадтарын біріктіру керек.

Айтылым. Айтылымда интонация дұрыс болуы тиіс. Дұрыс айтылған сөз дұрыс түсінудің кепілі, ал интонация эмоцияны білдіреді. Мысалы IELTS бойынша емтиханда емтихан алушы айтылым дұрыс болмаса, 25% балл кемітеді. Сондықтан студенттің сөзді дұрыс айтуына жаттықтыру міндет.

Жазылым. Мазмұндама, хат немес іскери ұсыныстар жазу үшін белгілі талаптары бар. Сабақтарға хаттардан үзінділер жазуды қосамыз. Бұл жаттығулар студенттің жазылыммен қатар ауызша сөйлеуін бекітуге және грамматикалық материалдарды дұрыс қолдана білуіне көмектеседі.

Сабақта студентке грамматикалық материалдар беру ауызекі сөйлеуде лексикамен бірге беріледі. Сабақтың негізгі шегесі – бұл ауызекі сөйлеу тәжірибесі. Сөздерді, грамматиканы игеру, сөздерде тыңдау арқылы түсінуді дамыту, түрлі материалдады оқы және тыңдау – бұл ауызекі сөйлеу тілін дамытудың платформасы. Студенттің еркін сөйлеуіне тек практикалық сабақтар көмектеседі.

Шетел тілін оқыту әдістері кез келген ғылым үшін дамуы тиіс. Қазіргі оқыту әдістерін бұрынғы әдістермен салыстыру, оларда кезіккен кемшіліктер қайталамау үшін үлкен рөл атқарады.

Әдістердің салыстырмалы сипаты сонымен қатар, оқытушының жұмысы үшін де қажетті. Түрлі әдістердің ішінен әдістің ерекшелігі мен өзіндік қасиетін білмей таңдау жасау қиын. Қазіргі кезеңде шетел тілін оқытуға әдісті таңдау сол әдісті қолданатын ұжымның ерекшелігіне байланысты, оқушының жеке қасиеттерін, олардың жастарын, қызығушылығы мен дайындық деңгейін, оқытатын уақыт мерзімін және оқу ғимаратының техникалық жабдықталуына байланысты. Сондықтан ағылшын тілін оқытудың салыстырмалы сипаттамасы бүгінгі күні өзекті мәселе.

Қазіргі таңда ағылшын тілін қарқынды оқыту даму үстіндегі, жаңа құрылған және қолданыстағы әдістер жүйесінде жүзеге асырылуда. Бұл сөзсіз түрлі контингенттегі оқушыларғы

ағылшын тілін оқытудағы нақты мақсаттың көп жақтылығы, сонымен қатар оқыту шарттарының көпжақтылығы (оқу сағаттарының торы, олардың саны, оқу тобының толығы).

Заманауи оқыту әдістерінің қазіргі тарап жатқан түрінің бірі қашықтықтан оқыту. Бұл тек біздің еліміздің ішінде ғана емес оқимын деген оқушыға сырттан оқытушылар табуға болады.

Қашықтықтан оқыту – бұл әдісте оқушы оқытушыдан алыста болады. Біздің елімізде, шетел тілін оқыту тәжірибесінде бұл әдіс кеңінен өріс жая қойған жоқ. Ағылшын тілін сырттай оқу курстары және шетел тілін өз қалауымен үйренушілер үшін бұрын оқу тележәне радиобағдарламалар болатын. Ұзақ уақыт қашықтықтан оқытудың тиімді жолдары іздестірілді. Көрнекілік ретінде баспасөз құралдары мен қатар телевидение және бейнежазбалар, соңғы жылдары CD-ROM кеңінен қолданылды. Дегенмен, оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланыстың болмауынан бұл әдіс сәтсіз болып келді.

Түрлі елдердің университеттері қашықтықтан оқыту мақсаты үшін компьютерлік телекоммуникация технологиясын қолдану мүмкіндігіне назар аударды. Компьютерлік телекоммуникация негізінде мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- Қашықтықтан кез келген ақпаратты жылдам жіберуге;
- Бұл ақпаратты қажетті мерзім ішінде сақтауға және қайта өңдеуге және т.б.
- Осы мақсат үшін арнайы құралдар көмегімен интерактивтілік көрсету;
- Мультимедиялық ақпарат және оқытушы мен оқушы арасындағы жедел кері байланыс;
- Түрлі ақпарат көздеріне, сонымен қатар, қашықтықтағы және белгіленген деректер базасына, Интернет жүйесі арқылы әлем бойынша өтіп жатқан көптеген конференцияларға қолжетімділік.
- Бірлескен телекоммуникациялық жобалар мен халықаралық, электрондық конференциялар, компьютерлік, аудио, бейне конференциялар ұйымдастыру.

Қашықтықтан оқытудың кез келген түрі төрт факторға байланысты:

1. Оқытушы мен оқушы ара қашықтықтарына қарамастан тиімді өзара әрекет жасағанда;
2. Сонымен қатар педагогикалық технологияларды қолданғанда;
3. Өзірленген әдістеелік материалдардың тиімділігін мен оларды жеткізу тиімділігінде;
4. Тиімді кері байланыс болғанда.

Басқаша айтқанда қашықтықтан оқытудың тиімділігі ұйымдастыру мен пайдаланылатын материалдардың сапасына, сонымен қатар бұл үрдіске қатысатын педагогтың шеберлігіне байланысты.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі үшін мынадай сипаттамалары болады:

Қашықтықтан оқыту білім беру бағдарламасының кілттік ұғымы – интерактивтілік. Қашықтықтан оқыту курстары оқушы мен оқытушы арасындағы барынша интерактивтілікті, оқушы мен оқу материалдары арасындағы кері байланысты, сонымен қатар, топпен оқыту мүмкіндігін беруді қамтуы тиіс. Кері байланыстың жоғары болуы өте маңызды, оқушы өз әрекетінің дұрыстығына сенімді болуы керек. Кері байланыс жедел, операциялық, сондай-ақ мерзімі ұзартылған сырттай бағалау түрінде болуы керек.

Кез келген курстың маңызды элементі мотивация; бұл түрлі құралдар мен тәсілдерді қолдануға қажетті.

Оқытудың кез келген жүйесі оқытудың барлық үрдістерінің (мақсаттары, құралдары, материалдары және т.б.) квантталуын ұсынады. Квантталмаса мақсат түзу болмайды, материалдар қолайсыз, шарты оңтайланбайды, ал құралдары ақылға қонымсыз болады.

Оқытудың жүйелілігі шетел тілін үйренуші үшін ғана емес ата-аналар, өзге пәндердің оқытушылары үшін де қажетті. Пәнаралық байланыстар шетел тіліне қызықпайтындар үшін қосымша мотивациялық құрал ретінде қолданылады.

Оқыту үрдісін жүйелі ұйымдастырға оқу үрдістерінің түрлі деңгейлері жатады:

1. Оқыту сатысының деңгейі (бастауыш, орта, жоғары);
2. Сатылар аралығында анықталатын оқу кезеңдерінің деңгейлері;
3. Кезеңдер деңгейі (лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру кезеңі, дағдыларды жетілдіру кезеңі, игергенін дамыту кезеңі);
4. Кезеңдер мен кіші кезеңдер ішінде анықталатын оқыту сатысының деңгейі (еліктеушілік (имитация), алмастыру, өзгерту, көшіру, қиыстыру).

Жүйелілікте тіл оқыту дағдылары (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) өзара байланысты біркелкі дамиды.

Ең жақсы фактор ол пәнаралық байланыстарды қолдана отырып қосымша қызығушылықты ояту болып табылады.

Барлық әдістің негізі белсенді қарым-қатынас қағидасы болып табылады. Оның негізіне түрлі сипаттағы жағдаяттар алынады (әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттан проблемалық жағдаяттарға дейін). Жағдаяттар топпен жұмыс жасағанда (ұжымдық жұмыс), сонымен қатар бұл қағидалар жағымды психологиялық атмосферада, барлығы өзін қолайлы сезініп, өзара түсіністік атмосферасында болғанда және белсенді өзара әрекеттер жасағанда, тек ақпаратпен ғана емес эмоцияларымен бөліскен жағдайда жүзеге асады. Тағы бір әдіскердің маңызды сәті оқу үрдісінде оқушыныңқызығушылығын арттыратын қосымша мотивациялар жасау болып табылады. Сонымен қатар заманауи әдістерде оқушының өздігінен тану әрекеттері үлкен рөл атқаратынын айта кету керек. Оқушыға дайын материалдар бергеннен гөрі, олар өздері өз бетінше жұмысты көбірек жасауы тиіс, бұл олардың есте сақтауларына да әсер етеді. Барлық әдістердің негізгі идеясы бір ол: оқытудың ең күшті тәсілі ол – қарым-қатынас.

Заманауи әдістердің көпшілігі қарым-қатынастық-бағдарлау болып табылады. Олардың негізгі бір белгілері оқушының шығармашылығы. Атап айтқанда шығармашылық тапсырмалар, бүгінгі күні заманауилықтың

белгісі. Олар жұмысты тек ауызша айтумен ғана емес әрекеттердің басқа түрлерімен де жасай алады.

Ғалымдар жүргізген сараптама негізінде қазіргі кезеңдегі ағылшын тілін оқыту әдістемесінің даму үдерісінемыналарды айтуға болады:

- әдістерді, тәсілдерді және оқыту мазмұнын мақсаты мен жоспарланған тілді меңгеру деңгейіне байланысты, оқушылар контингенті мен оқыту шартына қарай саралаудың күшеюі;
- Аударма әдістердің қысқару үдерісі;
- Оқушылардың өзараәрекеттестік және сөйлеу белсенділігінің артуы; оқу үрдісінде психикалық жағдайды пайдалану;
- Оқытуда жаңа техникалық құралдарды қолдану;
- Заманауи оқыту жүйесінде түрлі әдістер элементтерін біріктіру.

Жалпы бір әдістен гөрі оқушыға сәйкес бірнеше әдістердің жақсы жақтарын біріктіріп қолдану тиімді. Қазіргі сәтте әмбебап әдіс жоқ, кез келген әдістің тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Әдістердің даму кезеңінде әдістерді біріктіру арқылы қолданылу өз тиімділігін көрсетуде. Түрлі әдістердің жақсы элементтерін өздеріне жинаған әдістер жиынтығы құрыла бастады деп айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Кузнецова Н.Э. Современные методики преподавания английского языка в высших учебных заведениях. XXXIII Международная научно-практическая конференция «В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии»: сб. Статей. – Россия, Новосибирск, 19 февраля 2014 г.
- 2 Горегляд О.Л. Инновационные тенденции в преподавании иностранного языка школьникам [электронный ресурс]: <http://festival.1september.ru/articles/527303/> – Фестиваль педагогических идей. – Россия, Москва 2012.
- 3 Методы обучения английскому языку [электронный ресурс]: <http://language-world.ru/metody-obucheniya-angliyskomu-yazyku> – Методы обучения английскому языку
- 4 Методики преподавания английского языка [электронный ресурс]: <http://www.uchiyaziki.ru/index.php/statti-po-angliyskomu-yazyku/868-metodika-prepodavaniya-angliyskogo-jazyka> – Методики преподавания. – Россия, Москва, 2016.

References

- 1 Kuznecova N.EH. Sovremennyye metodiki prepodavaniya anglijskogo yazyka v vysshih uchebnyh zavedeniyah. XXXIII Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya «V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniya i kul'turologii»: sb. Statej. – Rossiya, Novosibirsk, 19 fevralya 2014 g.
- 2 Goreglyad O.L. Innovacionnyye tendencii v prepodavanii inostrannogo yazyka shkol'nikam [ehlektronnyj resurs]: <http://festival.1september.ru/articles/527303/> – Festival' pedagogicheskikh idej. – Rossiya, Moskva 2012.
- 3 Metody obucheniya anglijskomu yazyku [ehlektronnyj resurs]: <http://language-world.ru/metody-obucheniya-angliyskomu-yazyku> – Metody obucheniya anglijskomu yazyku
- 4 Metodiki prepodavaniya anglijskogo yazyka [ehlektronnyj resurs]: <http://www.uchiyaziki.ru/index.php/statti-po-angliyskomu-yazyku/868-metodika-prepodavaniya-angliyskogo-jazyka> – Metodiki prepodavaniya. – Rossiya, Moskva, 2016.

